

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың саудалық атауына шекті бағаларды бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-77 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 6 тамыздағы № 89 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың саудалық атауына шекті бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-77 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23886 тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың саудалық атауына арналған шекті бағаларда:

реттік нөмірлері 510 және 511-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

510	Вигексол	Йогексол	Инъекцияға арналған ерітінді, 300 мг йод /мл, 50 мл, №10	V08AB02	ҚР-ДЗ-3№ 122076	НУР-МАЙ ФАРМАЦИЯ	құты	4021,53
511	Вигексол	Йогексол	Инъекцияға арналған ерітінді, 350 мг йод /мл, 50 мл, №10	V08AB02	ҚР-ДЗ-3№ 122077	НУР-МАЙ ФАРМАЦИЯ	құты	5259,28

".
;

реттік нөмірі 537-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

5537	Випромид	Йопромид	Тамыр ішіне енгізуге арналған ерітінді, 300 мг йод	V08AB05	ҚР-ДЗ-5№ 022720	НУР-МАЙ ФАРМАЦИЯ		6784,83
------	----------	----------	--	---------	-----------------	------------------	--	---------

			/мл, 50 мл, №10			ҚҰТЫ	
--	--	--	--------------------	--	--	------	--

";

реттік нөмірі 931-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 1292-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1292	Левоволик	Деректер жоқ	Вена ішіне енгізуге немесе инфузияға арналған ерітінді, 50 мг/мл, 4 мл, №1	V03AF10	ҚР-ДЗ-5№025439	Онкомед мануфакчеринг а.с.	Құты	31188,41
------	-----------	--------------	--	---------	----------------	----------------------------	------	----------

";

реттік нөмірі 1659-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1659	Новокаин	Прокаин	Инъекцияға арналған ерітінді, 0.5 %, 5 мл, №5	N01BA02	ҚР-ДЗ-5№010373	Химфарм	ампула	46,7
------	----------	---------	---	---------	----------------	---------	--------	------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 2940 және 2941-жолдармен толықтырылсын:

"

2940	ГЕПИРИД®	Глимепирид	Таблеткалар, 3 мг, №30	A10BB12	ҚР-ДЗ-3№020411	Нобел Алматы Фармацевтикалық Фабрикасы	Таблетка	64,80
2941	ГЕПИРИД®	Глимепирид	Таблеткалар, 2 мг, №30	A10BB12	ҚР-ДЗ-3№020415	Нобел Алматы Фармацевтикалық Фабрикасы	Таблетка	42,00

";

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмек саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкiне енгiзу үшiн Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнiң "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсiпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

А. Альназарова